



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
года

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

14.12.2017-ғы № 20-34/2440 ШЫҒЫС ХАТЫ

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары**

**Ә.Е. Бектұрғановқа, К.И. Мұсырманға,  
Б.Қ. Хаменоваға, Ж.Н. Нұрманбетоваға,  
А.Б. Тасболатовқа, Н.В. Жұмаділдаеваға,  
И.В. Смирноваға**

2017 жылғы 26 қазандағы  
№ ДС-254 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

2017 жылы білім беру гранттарын тағайындауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

*Білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық конкурстық комиссияның қызметі, «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығын сақтау, сондай-ақ білім беру гранттарын тағайындау мәселелері бойынша.*

Жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі конкурсты өткізу үшін «Білім туралы» Заңды және Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесін<sup>1</sup> (бұдан әрі – Ереже) басшылыққа алатын Республикалық конкурстық комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Аталған Ереженің 5-тармағына сәйкес білім беру гранттары талапкерлер өтініш білдірген мамандықтар кезектілігіне сай Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) сертификаттарының балдарына сәйкес тағайындалады. Аталған Ереженің 5-1-тармағына сәйкес талапкерлер өтініште өзі таңдаған мамандық пен ЖОО-ны көрсетеді, ал бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда төрт мамандықты көрсетеді. Бұл ретте аталған Ереженің 6-тармағына сәйкес «Алтын белгі» иегерлерінің білім беру грантын алуға басым құқығы сақталды.

ҰБТ-ны 2 дербес процеске бөлу: қорытынды аттестаттау – мектептегі мемлекеттік бітіру емтиханы және ҰБТ – ЖОО-ға түсу емтиханы осы жылдың ерекшелігі болып табылды. «Білім туралы» Заңның осы нормасының (1-баптың 56) тармақшасы) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілуі «Алтын белгі» иегерлері санының өткен жылмен салыстырғанда 2,2 есеге өсуіне алып келді.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген

Жалпы республикада ҰБТ нәтижелері бойынша конкурса қатысқан 4664 «Алтын белгі» иегерінен 100-ден жоғары балл жинаған 3364 адам және 100-ден төмен балл жинаған 1300 адам гранттар тағайындалуға үміткер болды. Олармен қатар, конкурса «Алтын белгі» иегерлері емес, бірақ ҰБТ нәтижелері бойынша 100-ден жоғары балл жинаған 17,3 мың талапкер қатысты.

Осыған байланысты гранттар тағайындау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ нәтижелері жоғары емес «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығының болуы қоғамдық резонанс туындатты. Министрлікке азаматтардың көптеген өтініштері келіп түсті. Әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін Комиссия талапкерлер мен олардың ата-аналары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

Келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, Комиссия гранттарды ҰБТ балдары бойынша тағайындау туралы шешім қабылдады. Бұл ретте «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығын сақтау үшін қосымша гранттар бөлу талап етілді.

«2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңда БҒМ бюджетінде ұлттық ЖОО-да 12906 адамның білім алуы үшін 3 267,0 млн. теңге сомасында қаражат көзделгенін атап өтеміз. Конкурстың нәтижелері бойынша ұлттық ЖОО-да 2 437,9 млн. теңге сомасында білім алуға 9861 адам тілек білдірді.

Бюджет кодексінің 31-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджет қаражатын дербес пайдаланады. Осыған байланысты 829,1 млн. теңге сомасында қалыптасқан қаражат айырмашылығы қосымша бөлінген гранттар бойынша талапкерлердің білім алуға арналған шығыстарын өтеді. Қорытындылай келе, барлық талапкерлер (бірінші және екінші тізімдер бойынша да) өздерінің өтініштеріне сәйкес грант иегерлері атанды.

Жалпы, мүдделі мемлекеттік органдардың ұстанымдарын ескере отырып, «Білім туралы» Заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығын сақтай отырып, талапкерлердің конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығына кепілдік берілгенін атап өткен жөн.

Бұдан басқа, осы жылы алғаш рет талапкерлерге жергілікті бюджет есебінен конкурстық негізде ЖОО-да білім алу мүмкіндігі берілді. Жергілікті атқарушы органдар 600-ге жуық грант бөлді.

*Медициналық мамандықтар бойынша медициналық ЖОО арасында мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу бойынша*

Соңғы жылдары медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс көлемінің төмендеуі байқалады, ағымдағы жылы мемлекеттік тапсырыс 3150 орынды<sup>2</sup> құрады, оның ішінде 600 орын С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ге бөлінді, қалған 2550 орын медициналық кадрларды даярлауды жүзеге асыратын басқа да ЖОО-да конкурстық негізде орналастырылды. Бұл ретте 2017 жылғы 27 шілдедегі № 560 бұйрықта медициналық мамандықтар бойынша бұдан бұрын Үкіметтің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 386 қаулысында белгіленген мемлекеттік тапсырыс көлемі бекітілді.

Өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де білім алу үшін бір орынға 14 адамға дейін, басқа ЖОО-да

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 560 бұйрығы

– 4 адамға дейін үміткер болды. Бұл ретте талапкерлер арасында Астана және Алматы қалаларының, яғни Астана медицина университеті мен С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ басым болды.

Қосымша гранттарды тағайындау кезінде қалыптасқан ахуалға байланысты талапкерлерге, олар таңдаған мамандығын ескере отырып, басқа өңірлердегі медициналық ЖОО-да білім алу ұсынылды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бірде-бір талапкер тағайындалған гранттан айрылған жоқ.

*Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерінің жауапты қызметкерлеріне қатысты жауапкершілік шараларын қолдану мәселесі бойынша.*

Комиссия өз жұмысында «Білім туралы» Заңды басшылыққа алды. Комиссияның шешімі негізінде БҒМ-ның білім беру гранттарын тағайындау туралы 2017 жылғы 10 тамыздағы № 400 тиісті бұйрығы шығарылып, кейіннен оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Конкурсты өткізу кезінде ҰБТ балдары жоғары емес «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығының болуы қоғамдық резонанс туындатқанын ескере отырып, БҒМ мектептер мен білім бөлімдеріне/басқармаларына аталған белгіні беру кезінде рәсімдер мен талаптарды сақтау мәніне тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі қағидаларының<sup>3</sup> жекелеген нормаларының бұзылғаны анықталып, жергілікті атқарушы органдарға анықталған кемшіліктер көрсетілген тиісті хаттар жолданды. «Алтын белгі» белгісін тағайындау кезінде бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты қолданылған жауапкершілік шаралары туралы жергілікті атқарушы органдар белгіленген мерзімде БҒМ-ны хабардар етеді.

Алдағы уақытта осындай жағдайды болдырмау мақсатында жоспардан тыс тексеру қорытындылары бойынша БҒМ-ға мемлекеттік тапсырыс саласындағы нормативтік-құқықтық базаны және бизнес-процестерді жетілдіру бойынша қажетті шаралар қабылдау туралы тапсырма берілді<sup>4</sup>. Бұл талапкерлерді мемлекеттік тапсырыстың көлемі туралы уақтылы хабардар етуге мүмкіндік береді және грант тағайындау конкурсына қатысу үшін олардың болашақ мамандықты таңдауына көмектеседі.

Одан басқа, БҒМ-ға қосымша 2017 жылы гранттар беру кезінде қалыптасқан жағдайға жол берген министрліктердің қызметкерлерін жауаптылыққа тарту мәселесін қарау тапсырылды. Қорытындылары туралы БҒМ Сіздерге және Үкіметке хабарлайтын болады.

**Б. Сағынтаев**

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы

<sup>4</sup> Мемлекет басшысының 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 17-61-31.114-4 тапсырмасы.